

2021 – 2023 жылдарға арналған конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 5 тамыздағы № 496 қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.08.2021 № 573 қаулысымен.

"Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджеттен 2021 – 2023 жылдарға арналған конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қазақстан Республикасында дербестендірілген және превентивті медицинаны енгізудің ұлттық бағдарламасы" ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша жеке әріптестің катысуымен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.08.2021 № 573 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин